

ӘОЖ 343.98.06

DOI: 10.54649/2077-9860-2023-3-23-29

П.А. Алмаганбетов¹**¹з.ғ.к., қауымдастырылған профессор,****Каспий қоғамдық университеті,****Қазақстан Республикасы, Алматы қ.****E-mail: aldraizer@mail.ru**

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯНЫҢ ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУДАҒЫ ЖӘНЕ ТЕРГЕУДЕГІ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада криминалистикалық идентификацияның ғылыми негіздері, ғалым криминалистердің осы мәселеге байланысты көзқарастары, пікілері, криминалистикалық идентификация теориясының қалыптасу және даму тарихы, идентификацияға байланысты жіктеулер, идентификацияның қылмысты ашудағы және тергеудегі қолданылатын түрлері, криминалистикалық идентификацияның қазіргі кездегі жағдайы мен мүмкіндіктерін пайдалану жолдары, криминалистикалық және соттық идентификацияның ережелерін қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуде тиімді пайдалану мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: идентификация, сот және криминалистикалық идентификация, идентификацияның жіктелуі және түрлері, криминалистикалық идентификацияның ерекшеліктері, криминалистикалық идентификацияның даму кезеңдері, идентификацияны қолдану нысандары.

П.А. Алмаганбетов¹¹к.ю.н., ассоциированный профессор,

Каспийский Общественный университет,

Республика Казахстан, г. Алматы

E-mail: aldraizer@mail.ru

РОЛЬ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ В РАСКРЫТИИ И РАССЛЕДОВАНИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Аннотация

В статье рассматриваются научные основы криминалистической идентификации, мнения, точки зрения по этому вопросу ученых криминалистов, формирование и развитие истории теории криминалистической идентификации, классификации идентификации, виды криминалистической идентификации, применяемые в раскрытии и расследовании преступлений, пути использования современного состояния и возможностей криминалистической идентификации, эффективное использование положений криминалистической и судебной идентификации в уголовном и гражданском судопроизводстве.

Ключевые слова: идентификация, судебная и криминалистическая идентификация, классификация и виды идентификации, особенности криминалистической идентификации, этапы развития криминалистической идентификации, формы применения идентификации.

P.A. Almaganbetov¹¹candidate of law sciences, associate professor,

Caspian Public University,

Republic of Kazakhstan, Almaty

E-mail: aldraizer@mail.ru

THE ROLE OF FORENSIC IDENTIFICATION IN THE DETECTION AND INVESTIGATION OF CRIMES

Annotation

The article discusses the scientific basis of forensic identification, opinions, points of view on this issue of forensic scientists, the formation and development of the history of the theory of forensic identification, identification classification, types of forensic identification used in the detection and investigation of crimes, ways of using the current state and possibilities of forensic identification, effective use of the provisions of forensic and judicial identification in the criminal and civil judicial proceedings.

Keywords: identification, judicial and forensic identification, classification and types of identification, features of forensic identification, stages of development of forensic identification, forms of application of identification.

Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 5 қыркүйегінен бастап күшіне енген Конституциясы егеменді Қазақстанды зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, оның ең қымбат құндылығы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады (Конституция, I бөлім, 1-бап) [1]. Осы күрделі де мақсатты жолда ең маңызды міндеттердің бірі – құқықтық жоғары беделі қалыптасқан, заңдарды орындау жағдайы жасалған, жауапкершілік және әлеуметтік белсенділіктің маңызы артқан азаматтық қоғам құру. Қоғамның біртұтас құқықтық мәдениетін, сондай-ақ жоғары дәрежелі заңгер мамандарды қалыптастыру және дамыту – бұл үрдістің маңызды элементтері.

Криминалистика болашақ заңгерлердің, соның ішінде бірінші кезекте жедел-ізвестіру қызметкерлері, тергеушілер, сарапшылар, прокурорлар, адвокаттар, судьялардың кәсіби дайындығының деңгейі мен мазмұнына байланысты болатын оқу салаларының қатарына жатады. Криминалистиканы білу учаскелік инспектордан бастап полицияның патрульдік қызмет көрсететін адамдары мен күзет қызметі жұмысшыларына дейін, яғни қылмысты ашуды зерттеуге қатысушылардан, оған қоса өзінің іс-әрекетімен қандай да болсын бір қылмыстың аддын алуға немесе ашуға қатысатын барлық тұлғалардан талап етіледі.

Криминалистика – қылмысты ашуға және тергеуге керекті заттай дәлелдемелерді процессуалдық заңға сүйене отырып, іздеп табу, алу, бекіту, зерттеу үшін пайдаланатын техникалық құралдар, тактикалық тәсілдер мен тергеу әдістемелері жөніндегі ғылым.

Криминалистік идентификация дегеніміз қылмысты тергеу кезінде із немесе басқа да белгілер бойынша тергеліп отырған оқиғаға қатысты адамның, заттың немесе басқа объектінің байланысын анықтау. Мысалы,

қолдың, аяқтың ізі бойынша адамды, көлік құралдарының ізі бойынша көлік құралын, оқ және гильзадағы із бойынша атыс қаруын, қолжазуды зерттеу кезінде мәтінді орындаған адамды анықтау және т.б.

Криминалистік идентификация ортақ және жеке белгілерінің жиынтығы бойынша объектіні немесе жеке тұлғаның ұқсастығын салыстыру тәсілімен анықтау.

«Идентификация» термині латынның *identificare* – «теңдестіру», (*identicus* – бірдей ету, «тепе-теңдікті анықтау», «теңдестіру», «ұқсастыру») деген мағынаны білдіреді [2, 265 б].

Идентификация терминіне байланысты қазақстандық ғалым криминалист А.Я. Гинзбургтың пікіріне тоқтала кеткенді жөн көрдік. Ол Қазақстан ғылым Академиясы Тіл институтының мамандарымен кеңесе отырып «идентификация» терминін орысшаға – **«то же самое»** (от слова «тождественный») деп аударған. Сонан соң бұл термин орысшадан қазақшаға «дәл өзі» деп аударылған. Сонымен «идентификация» термині қазақ тіліне – **«дәл өзі»** болып аударылады.

Ал егер орысша-қазақша сөздіктерді алатын болсақ, онда «идентификация» термині – идентификация, теңестіру, ұқсастыру [3], идентификация, теңдестіру, ұқсастылық, ұқсастыру, ұқсас деп аударылған [4]. Бұл және алдыңғы берілген аудармалармен келісуге болады. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл аудармалар идентификация жүргізу процесіне тікелей қатысты сияқты. Себебі идентификация жүргізілу барысында объектілердің тепе-теңдігі және ұқсастығы салыстыру тәсілін қолдану арқылы анықталады. Сондықтан идентификацияны оны жүргізу барысындағы мағынасына байланысты қылмыстарды ашудағы және тергеудегі криминалистиканың бірден-бір тәсілі деп түсінеміз.

Идентификация термині төмендегідей бірқатар түсінік талдауларын жасауда қолданылады:

– идентификация – адамның ойлау қабілетінің заңдылығын ашуға мүмкіндіктер беретін ғылыми категория ретінде;

– идентификация – танымның әдіс-тәсілі мен құралы ретінде;

– идентификация – теңдестіру арқылы тану процессінің белгісі ретінде.

Идентификация термині – көзделген мақсаты пен шешетін мәселелеріне байланысты пайдаланылады және белгілі бір ойларды жинақтайды. [5, 49- 52 бб.]

Идентификация ұғымы логика, таным теориясы (философияға), психология және басқа да негізгі ғылымдарға сүйенеді.

Таным теориясының (философия) көмегі арқылы адамның танымдық қызметіне ғылыми негізде талдаулар жасалады. Әлемдегі барлық материалды объектілер өзіне-өзі ғана тең. Әрбір объект өзіндік қасиетіне байланысты, өзі тектес басқа объектілерден ерекшеленеді. Объектілердің көптеген сәйкес келу белгі санына қарамастан материалды дүниедегі әрбір объект жекеленген болып табылады. Бұл жекеліктер адамдарға объектіні тануға, оны өзінің арасындағы басқа өзі тектес заттардан ажыратып тану немесе сәйкестендіру процесін жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді.

Танылатын объектінің өзіндік қасиеті мен мақсат, міндеттеріне байланысты материалдық дүние объектілерін тану процесіндегі теңдестіру әртүрлі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін. Теңдестіру актілері қарапайым, яғни күнделікті тұрмыс-тіршілікте, сондай-ақ ғылыми зерттеулер шеңберінде шешілетіндей күрделі болуы мүмкін. Мысалы: теңдестірудің тұрмыстық актілерінде кішкентай бала өзінің ата-анасын, киімдерін, ойыншықтарын таниды; суретші өзінің салған суретін оңай ажыратады; ұста өзі жасаған детальдарды тез табады және т.б. Ал күрделі актілерде: химик-аналитик химиялық заттарды, оның табиғатын, сондай-ақ геолог-минералдың, физик – физикалық процестердің табиғатын анықтайды.

Адамның ойлау қызметі заңдылықтарын зерттейтін логика ғылымы, идентификация көмегімен теңдестіру заңдылығы және адамды тану қызметіндегі теңдестірудің логикалық қағидалары негізінде қалыптасқан.

Теңдестіру заңдылығына сәйкес – адамның ойлау процесіндегі қандай да бір ойы өзіне-өзі сәйкес, тепе-тең болуы тиіс.

Адамның санасында көрініс тапқан объект бейнесі нақты бір жекеленген болуы

қажет. Талқылау кезінде міндетті түрде нақты бір объектіні ғана ойлау керек, оны басқа объектілермен алмастыруға болмайды. Әр түрлі объектілерді теңдестіру мүмкін емес, логикаға жатпайды. Бір объектіні адамның қайта еске түсіру кезіндегі ойлау мазмұны алғашқы ойлаудың мазмұнына сәйкес (бір) болуы қажет. Бір объект жайлы талқылау кезінде пікірталастықтар пайда болған жағдайларда, әрбір адамның ойы әртүрлі болып олар өзара келісімге (бір шешімге) келе алмайды, бұл өз алдына теңдестіру заңдылығының бұзылуына әкеп соқтырады.

Идентификацияның психофизиологиялық механизмі келесідей болып келеді: субъектінің санасында көрсетіліп отырған объектінің белгілері туралы көрініс, сол көріністі ойлау арқылы, ол ұсынылып отырған объектіні өзінің ойындағы объект белгілері бойынша салыстырады, содан кейін ғана ол объектілердің сәйкестігі жайында немесе ерекшеліктері бойынша қортынды жасайды [6, 248 б.].

Адамның барлық танымдық (тұрмыстық, я ғылыми) қызметі аясындағы кез келген логикалық теңдестіру механизмі біреу-ақ болып келеді. Операция бірнеше рет орындалатындықтан тұрмыстық теңдестіру процедурасы қарапайым болып табылады. Сондықтан да ол стереотиптік сипатқа ие, динамикалық стереотип арқылы біз өз затымызды, ата-анамызды, туыстарымызды және т.б. ажыратамыз.

Қарапайым теңдестірулер негізінен көріністі, бейнені – көру, есту мүшелері арқылы қабылдауға байланысты жасалады.

Идентификация таным әдісі ретінде барлық ғылыми, атап айтқанда: ботаника, зоология, геология, химия, өнертану және т.б. ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Мысалы, археологиялық зерттеулер жүргізу барысында табылған (қазып алынған) объектілер міндетті түрде белгілі бір кезең мәдениетімен сәйкестендіріледі.

Палеонтология бойынша табылған объектілер бұрын тіршілікте өмір сүрген жануарлардың өлігі, қазіргі кезде жойылып кеткен жануарлардың түрлерімен идентификацияланады. Табылған жануарлар, өсімдіктер ботаникада, зоологияда, олардың белгілі бір класы, түрі, тобы бойынша идентификацияланады.

Аналитикалық, органикалық және басқа да химияның салалары арқылы алынатын барлық заттар міндетті түрде бұрын анықталған заттар класы бойынша идентификацияландырылады (теңдестіріледі).

Геология, минералогияға байланысты табылған заттар белгілі бір минералдар және т.б. түрлері бойынша идентификацияланады.

Барлық идентификациялық жағдай мәселелеріне байланысты әртүрлі ойлар (пікірлер, көзқарастар, тұжырымдар) бар. Кейбір ғылым – археология, тарих, өнертану салаларында жекеленген идентификациялық мәселелердің сейкестігін шешу үшін криминалистика ғылымын, яғни криминалистика тәсілдерін пайдалануға тура келеді.

Л.Н. Мороз идентификация ұғымына келесідей түсінік берген. Идентификация дегеніміз – бір объектіні басқа бір объектіден ажырату немесе тануға мүмкіндік беретін объектінің өзіндік қасиетіндегі материалдық белгілерін салыстырмалы түрде зерттеу мен бағалау болып табылады [7, 56 б.].

Криминалистикалық идентификацияның ерекшелігі неде, олардың басқа да қызмет саласындағы идентификациядан айырмашылығы қандай деген мәселелерге тоқталатын болсақ, бұл мәселелерді көптеген ғалымдар талқылаған: С.М. Потапов, В.Я.Колдин, В.С. Митричев, Л.Н.Мороз, М.Я.Сегай, Н.В.Терзиев және т.б.

Барлық криминалист ғалымдар тергеу тәжірибесінде идентификация жүргізу қажеттілігін бір ауыздан құптайды, бірақ криминалистикалық идентификацияның түрі мен объектілеріне қатысты әртүрлі көзқарастарды ұстанады. Осыған байланысты кейбір ой-пікірлерді, ұғымдарды қарастырып өтейік.

Біздің қазақстандық криминалист Л.Н. Мороз идентификацияны соттық және криминалистикалық депекіге бөліп көрсетеді. Ол соттық идентификация түсінігі криминалистикалық идентификация ұғымына карағанда кеңірек деп таныған. Соттық идентификация тергеу тәжірибесінде идентификация жүргізудің барлық түрін қамтиды, ол: химия, биология, ботаника, геология, және т.б. ғылымдарының материалдық мәліметтерін пайдаланады деп нақтылайды. Мысалы, оқиға болған жерден және күдіктінің аяқ киімінен алынған өсімдіктер бөлігіне салыстырмалы зерттеулер жүргізу кезінде сарапшы криминалистикалық емес, биологиялық тәсілдерді қолданады. Сондықтан да Л.Н. Мороз: соттық идентификация мен криминалистикалық идентификацияны өзара салыстырып қарастыруға болмайды деп санайды.

Л.Н.Мороздың пікірінше: криминалистикалық идентификация мынандай жағдайларда орын алады:

а) идентификация тәсілдері арнайы криминалистермен өңделіп жетілдірілген жағдайларда;

ә) бұл тәсілдердің көмегімен объектінің жекелеген сәйкестегі анықталған жағдайларда (бұл жерде ол объектілердің топтық қатыстылығын анықтауды қарастырған);

б) криминалистикалық идентификацияның объектісі тек криминалистикалық идентификация объектілерінің шеңберіндегі нақты бір жекелеген объектілер ғана бола алады;

в) криминалистикалық және соттық идентификация арасында айырмашылықтар бар және идентификацияның тергеу тәжірибесі мен оның процесуалдық тәртібінде ерекшеліктер болған жағдайда [8].

Ал В.С. Митричевтің көзқарасы бойынша «дәлелдеу аясында жүзеге асырылатын идентификация» соттық деп аталуы қажет [9]. Соттық идентификацияның логикалық идентификациядан ажырататын ерекшелігі- субъектілер мен объектілерге байланысты. Криминалистикалық идентификацияны соттық идентификация шеңберінде қарастыру керек. Соттық идентификацияға – сот медицина, психиатрия, биология, токсикология саласындағы салыстырмалы зерттеулер жатады. Криминалистикалық идентификацияға тек криминалистік сараптама шеңберінде жүргізілетін зерттеулерді жатқызу қажет. Ол криминалистикалық идентификацияның ерекшелігін - қылмыстың механизмі мен жағдайы және оның жасалу мән-жайлары жөніндегі мәліметтерді, объектілерді, үлгілерді жинау ерекшелігімен түсіндіруге болады – деп тұжырымдайды.

Г.И. Кочаровпен берілген тергеу тәжірибесіндегі идентификацияның дәлелдемелік мәнін қарастыратын болсақ, ол «идентификацияны криминалистикалық» деп атай отырып, оның ерекшелігін төмендегідей бөліп көрсетеді. [9, 74 б.].

Бірінші ерекшелігі, объектілермен байланысты. Объектілер – бұл материалдық дүниедегі кез-келген үйлескен заттар, әртүрлі процестер. Оларға қойылатын шарт: барлық объектілер олардың субстанциясына қарамастан соттық іспен байланысты болуы керек, сондай – ақ заттай дәлелдемелік сапасы болуы қажет. Бірақ олар – тұтынушылық, этикалық, техникалық және көптеген басқа да қасиеттерін жоғалтуы мүмкін, мұндай жоспарға объектінің қылмыс жағдайы жөніндегі ақпарат жеткізуші жақтарын бірінші кезекке қою керек.

Сонымен, криминалистикалық идентификацияның бірінші ерекшелігі – заттай

дәлелдемелік фактілер жөніндегі ақпараттарды қамтитын объектілердің арасындағы тепе – теңдік қатынасын анықтаудан тұрады.

Екінші ерекшелігі, сараптаманың қорытындыларындағы жеке тепе – теңдікті көрсететін нәтижелер іс үшін мәнді болып табылатындығы мен дәлелдеме ретінде жеке тепе – теңдікті көрсететін нәтижелердің маңыздылығында.

Басқа ғылым салаларында объектіні – түрі, тегі бойынша идентификациялау жеткілікті, ал дәлелдеу барысында объектіні – түрі, тегі бойынша ғана анықтау жеткіліксіз болып табылады. Содықтан да криминалистикада, сот – сараптамаларында жекелеген тепе – теңдікті (сәйкестікті) анықтау үшін теориялық және сараптамалық зерттеулер үздіксіз жүргізіліп отырады.

Г.И. Кучеровтың пікірі бойынша криминалистикалық идентификацияның екінші ерекшелігі «қылмысқа қатысты жекелеген сәйкестікті немесе объектілер шеңберін барынша қысқартуды анықтау тенденциясынан тұрады» - деп санайды.

Криминалистикалық идентификацияның үшінші ерекшелігі, - процесуалды тәртіппен, процесуалдық түрде бекітілетіндігінде. Сонымен қатар, барлық идентификациялық танымдық қызметтің белгілі бір тәртібі мен шегі бар. Олар: сараптаманың шегі мен құралдарына, сондай-ақ заттай дәлелдемелер және олармен жұмыс жасау тәсілдеріне, оларды сақтауға және зерттеуге байланысты құжаттарды тіркеу мерзіміне қатысты әдістер мен басқа да тәсілдерді таңдауға қатысты болып отыр. Сонымен, криминалистикалық идентификацияның үшінші ерекшелігі оның процесуалдық формасында. [10, 37 б.].

Дегенмен де, криминалистикалық идентификация – ғылымның барлық басқа салаларындағы логикалық теңдестіруді сипаттайтын мазмұндар мен қағидалардай объективтік шындықтың белгілі бір бөлігінің танымдық процесі болып табылады.

М.Я.Сегай, Н.В.Терзиевтергеутәжірибесіндегі идентификацияны «соттық идентификация» деп атаған дұрыс деп санай келе, келесідей мән-жайларды көрсетеді: - идентификация қорытындылары қылмыстық және азаматтық істерде соттық дәлелдеме қызметін атқарады, осыған байланысты оларды бекіту мен зерттеу әдістемесіне арнайы талаптар қойылады:

– басқа ғылымдарға қарағанда криминалистикада сәйкестікті ғана емес, сонымен қатар айырмашылықтарды да анықтаудың маңызы зор;

– криминалистикада жекелеген тепе-теңдікті анықтау – идентификацияның басты мәселесі болып табылады;

– химия, биология және т.б. ғылым салаларында топтық қатыстықты анықтау жеткілікті.

Аталған ерекшеліктер ұсынылатын зерттеу әдістемесіндегідей, теңдестіру нәтижелерін рәсімдеудің арнайы талаптарын анықтайды. Бұл ерекшеліктер сот медицина шеңберінен де орын алады, жоғарыда аталған авторлар идентификацияны не үшін соттық деп атауды негізді санайды. [8, 54 б.].

В.Я. Колдин өз еңбектерінде: «криминалистикалық идентификацияның» ерекшелігі:

– нақты жекеленген объектінің тепе-теңдігін анықтау;

– қылмыстық және азаматтық істердің фактілік жағдайын анықтаудың құралы болып табылады – деп көрсетеді. Ол соттық идентификацияның басқа да ғылым салаларындағы идентификациядан айырмашылығы жоқ, оны әдеттегі классификациялық зерттеулер ретінде қарастырып, соттық идентификацияны бөліп көрсетпеген. [11, 29 б.].

Ал М.В. Салтевский криминалистикалық идентификацияның ерекшелігін: «объектілерді жинау тәсілдерінің процесуалдық формасы ретінде ғана емес, сонымен қатар, дәлелдеу процесінде теңдестірудің нәтижесін қолдану мен нақты бір жеке объектілердің сәйкестігін анықтауда» деп қарастырады. [8].

Пікірлерді қорыта келе мынандай тұжырымдар жасауға болады:

– криминалистикалық идентификацияның мақсаты – сот өндірісі аясындағы материалды объектілердің тепе-теңдігін, сәйкестігінің бар немесе жоқтығын анықтап дәлелдемелер алу болып табылады және оларға байланысты арнайы әдістемелік талаптар қойылған;

– криминалистикалық идентификацияның маңызы – барынша қысқартылып жинақталған объектілер шеңберінен жекеленген сәйкестікті (тепе-теңдікті) анықтауда;

– криминалистикалық идентификация процессінің негізінде – идентификациялық белгілер жиынтығын салыстыру және бұл белгілердің сәйкестігі мен айырмашылығын бағалау жатыр;

– қорытындылар процесуалдық актілер (сарапшының қортындысы, хаттама) түрінде беріледі;

– химия, биологиялардан айырмашылығы идентификация қандай да бір мәселелерді шешу процесіне ие болады, яғни дәлелдеу тәсілінің біріне жатады;

– криминалистикалық идентификация тек заңда көрсетілген субъектілермен ғана жүзеге асырылады [12, 47 б.].

Сонымен, жоғарыда көрсетілген анықтамаларды жалпылама қорыта келе, біз Л.Н. Мороздың берген анықтамасына жүгінеміз: «криминалистикалық идентификация – соттық дәлелдемелерді алу мақсатында заңда бекітілген әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, объектінің сәйкестігі мен айырмашылық қасиетін көрсететін белгілерге салыстырмалы зерттеулер жүргізу процесі түрінде жүзеге асырылады». [13, 36 б.].

Криминалистикалық идентификацияның маңызын бағалау өте күрделі процесс болып табылады. Идентификация – дәлелдеу тәсілінің өте кең тараған түрі. Идентификацияның көмегімен: қылмысқа дайындалу әрекетінің орнын, қылмыс жасалған, қылмыстың ізін жасырған жерлерді; қылмыскердің қылмысты жасауға қолданылған қару құралдарын; қылмыскерді, жәбірленушіні, қылмыстық қол сұғылған заттарды идентификациялауға және т.б. анықтауға болады.

Көріп отырғанымыздай, дәлелдеу кезінде көптеген жағдайлар идентификациялануға жатады. Бірақ-та олардың әрқайсысы әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыскердің жеке басын оның қолжазбасы, даусы, бейне келбеті, аяқ, қол іздері, шашы және т.б. бойынша идентификациялауға болады.

Бүгінгі таңда криминалистикалық идентификация теориясы криминалистикадағы жеке ілімдермен ең жетілдірілген түрлеріне жататындығы осы жағдайлармен түсіндіріледі.

Барлық танымал кеңестік криминалистер криминалистикалық идентификация мәселелерімен тікелей немесе жанама түрде айналысты.

Криминалистикалық идентификация теориясы – тарихи жағынан жеке криминалистикалық теориялар арасынан ең алғаш пайда болып, білімді жүйелендіру құралы ретінде қалыптасқан ілім болып табылады.

Криминалистикалық идентификация теориясының қалыптасу және даму тарихын төмендегідей 3-кезеңге бөліп көрсетуге болады:

1 кезең – теориялық негізі мен оның негізгі жағдайлары және қағидаларының пайда бола бастауынан ХХ – ғасырдың 50-ші жылдарына дейінгі кезеңдерді хронологиялық түрде қамтиді;

2 кезең – бұл 80- жылдарға дейінгі әртүрлі идентификациялық зерттеу әдістемелерінің қалыптасу кезеңі;

3 кезең – криминалистикалық идентификация жағдайлары және т.б. қайтадан қарастырылып нақтыланатын кезеңдер жатады, ол бүгінгі таңда орын алуда.

Криминалистикалық идентификация теориясы – қылмыстық оқиға туралы дәлелдемелік ақпараттарды, сондай-ақ объектінің тепе-теңдігін анықтауға байланысты әдістемелік ұсыныстар мен тәртіп ережелерінен тұратын ғылыми ілімдердің жиынтығы.

Криминалистикалық идентификация процессуалдық және процессуалдық емес нысанада қарастырылады.

Идентификацияның процессуалдық емес нысанасы қолданбалы және жедел болып екіге бөлінеді. Идентификацияның қолданбалы түрі – мұражай, ғылыми – зерттеу институттарының, азаматтардың талаптары бойынша жүзеге асырылады. Ал идентификацияның жедел түрі қылмыстық іс қозғалғанға дейін орындалады. Идентификацияның нәтижелері жедел іздестіру қызметінде қолданылады.

Идентификацияның процессуалдық нысанасы:

- 1) сот сараптамасы;
- 2) тану үшін көрсету;
- 3) объектілерді қарау шеңберінде жүзеге асырылады.

Тану үшін көрсету және қарау тергеу әрекеттері шеңберіндегі идентификация тергеушімен жүргізіледі. Сот сараптамасы шеңберінде қолданылатын идентификация процессуалдық түрде өте кең таралған.

Идентификациялық зерттеулер бірнеше түрлерге бөлінеді. Криминалистикалық идентификацияның классификациясы идентификация объектілерімен ғана емес, сонымен қатар олардың табиғи қасиеттері мен басқа да параметрлермен байланысты.

Идентификацияның деңгейіне байланысты мынадай идентификация түрлері ажыратылды:

- объектінің бір текке жататындығы;
- топтық қатынастылығы;
- жекелеген сәйкестігі.

Идентификацияланатын объектінің табиғатына байланысты:

- нақты бер жеке объект бойынша;
- бөлшекшектері бойынша бүтінді анықтау;
- шығу (пайда болу) қайнар көздері бойынша.

Идентификацияланатын объектіге байланысты идентификацияның келесідей түрлері бар:

- ойдағы бейне бойынша идентификациялау;

– жеке объектілерді материалды бекітілген бейнесі бойынша идентификациялау;

– шығу қайнар көздері бойынша идентификациялау;

– бөлшекшектері бойынша бүтінді идентификациялау.

Мысалы, табылған қолдың ізі арқылы күдіктіні идентификациялау жеке объектіні бейненің материалдық бекітілуі бойынша идентификациялауға жатады; оқиға болған

жерде табылған сым-темір бөлшектерін күдіктінің автокөлігінің багажынан табылған сым-темір бөлшектерімен идентификациялау – бөлшекшектері бойынша бүтінді идентификациялауға жатады; бір күдіктіден табылған пакеттегі есірткіні екінші сезіктіден табылған пакеттегі есірткімен идентификациялау – шығу қайнар көзі бойынша идентификациялау түріне жатады.

Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған.
2. Белкин Р.С. Курс криминалистики. В 3-х т. Т.1. Общая теория криминалистики. – М., 1997.
3. Орысша – қазақша сөздік. 1-том (А – О). Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы. – Алматы, 1978.
4. Бекетаев Қалдыбай. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. – Алматы: Алтын Қазын», 2001.
5. Гинзбург А.Я., Оганов Н.И., Поврезнюк Г.И., Россинская Е.Р., Бегалиев Е.Н. Криминалистиканың негіздері. – Алматы, 2007.
6. Ищенко Е.П. Криминалистика: Учебник для ВУЗов. – М., 2000.
7. Криминалистика. / Под. ред. Филиппова А.Г. и Волынского А.Ф. – М., 1998.
8. Гинзбург А.Я., Белкин А.Р. Криминалистическая тактика: Учебник. /Под ред. проф. Аубакирова А.Ф. – Алматы, 1998.
9. Криминалистика: Учебник. / Под.ред. Васильева А.И. – М., 1998.
10. Васильев А.Н. Тактика отдельных следственных действий. – М., 1981.
11. Герасимов И.Ф., Драпкин П.Я. Криминалистика. – М., 1994.
12. Криминалистика/ Под.ред. Пантелеева И.Ф., Селиванова И.А. – М. 1988.
13. Криминалистика / Под.ред. Яблокова Н.П. – М., 2000.

References:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған.
2. Belkin R.S. Kurs kriminalistiki. V 3-kh t. T.1. Obshchaya teoriya kriminalistiki. – М., 1997.
3. Oryssha – қазақша сөздік. 1-том (А – О). Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы. – Алматы, 1978.
4. Beketayev Qaldybay. Ylken қазақша-oryssha, oryssha-қазақша сөздік. – Алматы: Altyn Qazyn», 2001.
5. Ginzburg A.Ya., Oganov N.I., Povreznyuk G.I., Rossinskaya Ye.R., Begaliyev Ye.N. Kriminalistikanyң negizderi. – Алматы, 2007.
6. Ishchenko Ye.P. Kriminalistika: Uchebnik dlya VUZov. – М., 2000.
7. Kriminalistika. / Pod. red. Filippova A.G. i Volynskogo A.F. – М., 1998.
8. Ginzburg A.Ya., Belkin A.R. Kriminalisticheskaya taktika: Uchebnik. /Pod red.prof. Aubakirova A.F. – Алматы, 1998.
9. Kriminalistika: Uchebnik. / Pod.red. Vasilyeva A.I. – М., 1998.
10. Vasilyev A.N. Taktika otdelnykh sledstvennykh deystvy. – М., 1981.
11. Gerasimov I.F., Drapkin P.Ya. Kriminalistika. – М., 1994.
12. Kriminalistika/ Pod.red. Panteleyeva I.F., Selivanova I.A. – М. 1988.
13. Kriminalistika / Pod.red. Yablokova N.P. – М., 2000.